

# Қазақ мәдениетінің мифологиялық санасы

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-санасына, рәміздеріне байланысты туған мифологиясы ұлттық дүниетаныммен, көшпелі өмір салтымен байланысты. Қазақ дүниетанымындағы мифологияға байланысты түсініктері әу баста халқымыздың мал бағу кәсібі мен диқаншылық өміріне байланысты туған.



Мифология ұғымдарының дәстүрлі ұлттық сипаты алдымен фольклорда сақталған. Ежелгі мифтерден бастап эпостық жырларға дейін, наным-сенім өлеңдерінен қазіргі әңгімеге дейін халықтың уақыт пен кеңістік туралы түсініктері сан-тарау кезеңдерді бастан кешірді. Көркемдік ойлаудың тарихын уақыт пен кеңістік туралы ұғымдардың қалыптасу тарихынан бөліп алуға болмайды.



«Мифология, – деп жазады А. Қасымжанов, – алғашқы қауым адамына тән ойлаудың бірінші бөлінбеген формасы. Мұнда поэзия мен ғылымның, дін мен моральдың, рационалды әсердің элементтері бар» (Қасымжанов А.Х. Пространство и время великих традиций. – Алматы: КазНУ, 2001. – 12 б.).



Мәдени қаһармандар тек реалды кеңістік пен уақыт өрісінде әрекет етіп қоймай, мифтік континиумда қатар өмір сүрген. Тарихы оқиғалар аңыздық қосымшалармен тұтасып кеткен. Батырлар мен хандар ғажайып өмірге келеді, тез ержетеді, тұлпарымен сөйлесе алады, тылсым күштерге иелік етеді, Ғайып Ерен Қырық шілтен, Түкті Баба Шашты Әзиз, пірлер мен аруақтар оларға қолдау көрсетіп отырады.



Сақтар мен савроматтардағы отқа табыну ғұрпы о баста күнге табынудан шыққан. Күн мен от зұлым, қас күштерден қорғап, тазартады деген ұғыммен молаларды өртеп тазарту әдеті савромат, сақтарда көп кездеседі. Ғұндар мен үйсіндер, сақтар қабірлерінен жиі шығатын қызыл бояу сол қасиетті күн мен оттың рәмізі болған.






Егер жаңа Ай шалқалап туса, ондағы ауа райы малға жайсыз болады, Ай тік туса, жайлы болады делінеді.

Күн құлақтанып шықса, не боран, не аяз болады. Күн құлақтанып бататын болса, ауа райы жылынуға тиісті. Қазақтың "Ертеңгі күн құлақтанса, еліңді жау шапқандай қорық, кешкі күн құлақтанса, келінің ұл тапқандай қуан" деп келетін мақалы дәл осыдан айтылса керек.

Қоршаған орта мен жер, ауа жағдайын білумен шектелмей, аспан әлемін зерттеу де қажет болған. Аспандағы "Темір қазық", "Жеті қарақшы", "Үркер", "Шолпан" жұлдыздарының орналасуы мен олардың қозғалыстарын білудің өзі көп жеңілдіктер беретіні мәлім.





# ҚАЗАҚ ЫРЫМДАРЫ

Ұлы Даланы сан ғасырлар бойы мекендеген ата-бабаларымыз қылыш ұстап серт берген дәуірден — кұран ұстап ант берген заманға дейін талай-талай асулардан асып, бұралаң-бұлттарысы көп жолдардан өткен. Сырт көзге сыр бермейтін көшпелі өмір-тіршіліктің қаншама асылдары мен құндылықтары тарихтың аударылған ауыр парақтарының астында қалып бара жатыр.

